

С.Б. Стамбулов\*, Т.Қ. Сақабай, А. Сердхан, Ж.М. Кенжеғали

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: serstam@mail.ru; zharas\_k@mail.ru; tolkinist78@mail.ru; aserdkhan@mail.ru)*

## **Халықаралық қауіпсіздік түсінігінің қалыптасуы және оның мәні: теориялық аспект**

Қазіргі уақытта ғылыми және академиялық топтардың арасында халықаралық қауіпсіздік тұжырымдамасын бір жүйеге келтіріп, жаңа тұжырымдамаларды іздестіру талпыныстары жүріп жатыр. Аталған мақаланың мақсаты — халықаралық қауіпсіздіктің негізгі тұжырымдамаларын бір жүйеге келтіру болып табылады. Сондықтан, мақала халықаралық қауіпсіздік түсінігін анықтаудың негізгі тұжырымдамаларын талдауға, сонымен бірге институционалдық теорияларды кешенді сараптауға арналған. Мақала авторлары халықаралық қауіпсіздікті зерттеудің негізгі теорияларына талдау жасайды.

**Кілт сөздер:** қауіпсіздік, халықаралық қауіпсіздік, теориялар, әлемдік саясат, халықаралық қатынастар

### *Кіріспе*

XX-XXI ғасырлар тоғысында бізді қоршаған әлем және адамдардың өмір сүру жағдайлары әртүрлі факторлар мен себептердің кешенінің әсерінен күрт өзгеріске ұшырады. Екі антагонистік әлеуметтік-саяси жүйенің қарсыласуының аяқталуы біртұтас, тұрақты халықаралық қауымдастықтың қалыптасуына әкелмеді. Халықаралық қатынастарда жаңа қарама-қайшылықтар мен қиындықтар туындады. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ұйымдардың әлемдегі саяси жағдайға ықпалы мен беделі күрт төмендеді.

Жаһанданумен қатар ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адамзат қоғамы дамуының басты ықпал етуші факторларының біріне айналып, халықаралық аренада үлкен өзгерістер орын алды. Халықаралық терроризм бүкіл адамзат үшін жаһандық қауіпке айналды. Біздің уақытымыздағы қақтығыстар жаңа өзгеріске ұшырап, жаңа қауіптілікке ие болды. Масштабы, орны мен уақыты бойынша күтпеген табиғи ауытқулар, оның ішінде апатты жағдайлардың саны өсті. Жаһандану екі қарама-қарсы тенденцияны қамтитын екі жақты үдеріске әкелді. Бір жағынан, ғаламшар адамдары мен халықтарын бір орталыққа біріктіруге ұмтылу болса, екінші жағынан, оған қарама-қарсы аймақтану үрдістері де жүріп жатыр.

Бұл халықаралық қауіпсіздік саласындағы жағдайдың тұрақсыздығы мен белгісіздігін тудырады. Ішкі қақтығыстар ұлттық шекаралардан асып түсіп отырды, ал дәстүрлі қауіптерге киберкеңістіктегі қиындықтар, ұлттық және халықаралық деңгейдегі ресурстарға ие болу үшін бәсекелестікке, климаттың өзгеру салдарына, ақпараттық соғыстарға және жекелеген мемлекеттерді сыртқы басқаруға көшіру үшін заманауи диверсиялық технологияларды қолдануға байланысты жаңа қатерлер мен келеңсіздіктер қосылды.

«Халықаралық қауіпсіздік» ұғымының айтарлықтай өзгеруі болды, халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұйымдарының іс-әрекеттерін үйлестіруге және уақтылы жүргізуге қойылатын талаптар айтарлықтай өсті. Жекелеген мемлекеттің орнықты дамуы оның жаһандану дәуіріндегі бүкіл әлемдік тәртіптің даму үрдістерін ескере отырып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін шебер шешу қабілетімен айқындала түсті. Бұл дәстүрлі және жаңа қауіп-қатерлерге қарсы тұрғанда бір-бірінің мүмкіндіктерін өзара күшейту және толықтыру қабілетін жетілдіру мақсатында халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұйымдарының қызметіне тез бейімделуге қабілетті басшылықтың маңыздылығын анықтайды.

Әлемдік өркениеттің бүкіл тарихында қауіпсіздікті қамтамасыз ету қоғам өмірінің басты мақсаттарының бірі болды, өйткені ол белгілі бір адамнан бастап адамдардың кез-келген бірлестігіне дейінгі қоғамның бүкіл әлеуметтік құрылымына тән қажеттілік болды. Сондықтан «қауіпсіздік» ұғымы адамзат қоғамының құрылуымен болуымен бір уақытта пайда болды. Ғасырлар бойы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге барлық маңызды акторлардың: саяси партиялардың, жекелеген

саясаткерлер мен мемлекет қайраткерлерінің, мемлекеттердің, олардың одақтарының және жалпы халықаралық қоғамдастықтың күш-жігері бағытталды. Сондықтан, халықаралық қауіпсіздік түсінігінің қалыптасуы мен оның мәнін, мәселенің теориялық аспектісін зерттеудің маңызы жоғары.

### *Зерттеу әдістері*

Тақырыпты зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде диалектикалық әдістің және объективті-тарихи, жүйелік талдаудың принциптері алынды. Осымен бірге, халықаралық қауіпсіздік мәселесіне қатысты ғылыми еңбектерді тарихи-салыстырмалы және саяси-салыстырмалы, инвент-талдау, контент-талдау әдістері колданылды.

### *Негізгі бөлім*

Кең мағынада қауіпсіздік дегеніміз адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің, құндылықтарының ішкі және сыртқы қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі. Көбінесе қауіпсіздікті анықтағанда қаражаттың болуы және ұйымдастырушылық шаралар, арнайы институттар, серіктестермен келісімдер сияқты құндылықтарды қорғауға бағытталған іс-әрекеттерге баса назар аударылады. Бірақ қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық кешені қатерлердің сипаты және масштабымен анықталады, сондықтан «қауіпсіздік» ұғымы қауіп-қатерлер мен олардан қорғану шараларын біріктіреді.

Қауіп-қатерге душар болған және қорғауды қажет ететін объектіге байланысты қауіпсіздік мәселесінде «адам қауіпсіздігі», «әлеуметтік топтың қауіпсіздігі» (мысалы, этникалық топтар немесе конфессиялық топтар), «қоғам қауіпсіздігі», мемлекеттердің «ұлттық қауіпсіздігі», қандай да бір аймақты немесе одақты құрайтын мемлекеттер топтарына келгенде «аймақтық қауіпсіздік» немесе «құжымдық қауіпсіздік», ақырында бүкіл әлемдік қоғамдастықтың «жаһандық қауіпсіздігі» туралы айтуға болады.

Қауіптердің функционалдық типі және олардан қорғану құралдары бойынша қауіпсіздік ақпараттық, әскери, экономикалық, саяси, экологиялық, мәдени және т. б. болуы мүмкін. Қауіптердің шығу тегіне қарай және олардан қорғаныс құралдарының бағыты бойынша қауіпсіздік ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Негізінен кез — келген күрделі құбылыстың құрамдас бөліктерін жіктеу әрекеті сол құбылысты түсінуді жеңілдетуге арналған. Ал расында тіршіліктің әртүрлі аспектілері — әскери, экономикалық, саяси және т.б., өзара әрекеттесудің алуан түрлі объектілері мен субъектілерінің — адамның, адамдар тобының, қоғамның, мемлекеттің, мемлекеттер топтарының, бүкіл адамзаттың қауіпсіздігі бір — бірімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, жаһандану үдерісі жүріп жатқан, бір-бірімен байланысты және өзара тәуелді әлемде ішкі және сыртқы саясат арасындағы, демек, ішкі және сыртқы қауіпсіздік арасындағы айқын анықталған шекара жойыла бастайды. Көбінесе сыртқы саясат ішкіге бағынады [1; 12–13].

Соңғы жылдары «қауіпсіздік» ұғымын түсіндіруді кеңейту, әскери, экономикалық, экологиялық, мәдени және адамзат өмірінің барлық басқа аспектілерін жан-жақты қарастыру үрдісі байқалады. Бірақ бұл салалар қаншалықты өзара байланысты болса да, олардың әрқайсысының өзіндік қауіп-қатерлері, оларға қарсы тұру құралдары, қауіп-қатерлерге қарсы әрекет етудің өзіндік логикасы және болып жатқан процестердің заңдылықтары бар екенін есте ұстаған жөн. Мысалы, аймақтық немесе жаһандық дағдарыстарға жол бермеу мақсатында жаһандық қоршаған ортаны сақтау немесе қаржы ағындарын бақылау міндеттерін шешу мәселелері қарулы агрессияға, трансұлттық лаңкестікке немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы тұру міндеттерінің шешілуінен айтарлықтай ерекшеленеді. Мемлекеттер арасындағы экономикалық бақталастық әскери бәсекелестік үрдістерінен өзгеше логика бойынша жүреді.

«Халықаралық қауіпсіздік» ұғымы 100 жылдан аз уақыт бұрын халықаралық қатынастардың лексикасына енген. Оған дейін қарулы күштерді қолдану аясы «соғыс» және «бейбітшілік» ұғымдарымен белгіленіп келді. Тайпалар, империялар, монархиялар, мемлекеттер арасындағы тұрақты түрде мезгіл-мезгіл өршіген соғыстар тарихи шындық ретінде қарастырылды [2; 415].

Соғыстың табиғаты әрқашан өзгеріссіз болғандықтан және әлемдік тарихтағы маңызды факторлардың бірі болып саналағандығынан, онымен байланысты барлық іс-шаралар бірінші орынға қойылатын және ең маңызды сала болып саналатын. Соғыс-бұл әлеуметтік өмірдің ең күрделі және даулы құбылыстарының бірі. Олар таптық қоғамның бүкіл тарихынан өтеді және халықтар мен мемлекеттердің өміріне үлкен әсер етеді, әлеуметтік дамудың барысын баяулатады немесе

жеделдетеді. Қоғамдағы билеуші таптардың басты назары әскери қарсыласу тұрғысынан қабылданған қазіргі және болашақтағы қауіп-қатерлерге қарсы тұруға мүмкіндік беретін әскери күшке жетуге бағытталды. Мемлекет қайраткері мен әскери көсемнің функциялары көбіне бір адамда үйлесетін. Ал қазіргі кезде бұған дейін көп назарға ұшырамаған киберкеңістік, экономика, энергетика, экология, мәдениет, әсіресе соңғы кездегі пандемияға байланысты адам денсаулығының және тағы басқа салалардағы қауіпсіздіктің маңыздылығы артып келе жатқанымен, қауіпсіздіктің әскери аспектісі бәрібір бірінші кезектегі мәселе ретінде қабылданады. Бұл әскери салада, басқа салаларға қарағанда, қатердің қатал сипатта болуына байланысты, өйткені бұнда ең жоғары құндылықтарға — адамның өмір сүруі мен мемлекеттің, тұрақтылығына, оның тіршілік етуіне тура және жанама қауіп төнеді.

Әскери қауіпсіздік — бұл жеке адамға, қоғамға, мемлекетке, халықаралық қоғамдастыққа зиян келтіру мүмкіндігін бейтараптандыратын немесе жоққа шығаратын ішкі және халықаралық өмір сүру жағдайларының қалпы, оның басты ерекшелігі — қарулы күш қолдану мүмкіндігі. Бұл сала қауіп-қатерлер және оларға қарсы тұру құралдарының бірінші кезекте қорғаныс, ішкі істер, қауіпсіздік, сыртқы барлау сияқты күш-қайратпен байланысты мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретіндігімен анықталады. Әскери қауіпсіздік, ең алдымен, халықаралық және ішкі қайшылықтарды шешуге, олардың әскери-күш қақтығысына айналуының алдын алуға бағытталған экономикалық, саяси, дипломатиялық және басқа да әскери емес шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі. Қауіпсіздік күштерінің қатарына басқа мемлекеттермен қатынастардағы әскери мәселелерге қатысты олардың қызметінің сол бөлігіне дипломатиялық бөлімшелер кіреді. Әскери қауіпсіздік күштері мен құралдарын материалдық қамтамасыз ету, ең алдымен, мемлекеттің қорғаныс-өнеркәсіптік кешенімен, сондай-ақ оның экономикасының басқа құрылымдарымен жүзеге асырылады [3].

Тарихи тұрғыдан әскери қауіпсіздік шараларының басым көпшілігін мемлекеттер жүзеге асырды. Мемлекеттерде қарулы зорлық-зомбылықты қолдану әлеуеті мен заңмен ақталуы жоғары. Олар негізгі құндылықтарға — азаматтардың өміріне, аумақтық тұтастық пен конституциялық құрылымға төнетін қауіп-қатерден қорғану үшін негізгі жауапкершілікті өз мойындарына алады. Мемлекеттік емес немесе субмемлекеттік субъектілер — қылмыскерлер, көтерілісшілер, сепаратистер, террористер, қарақшылар да қарулы зорлық-зомбылыққа барады. Соңғы кездері мемлекеттік емес акторлар тудыратын қауіп-қатерлердің үлесі күрт өсті және соғай байланысты қауіпсіздікке деген көзқарастардың да эволюциясы байқалды. Бірақ қарулы қақтығыстардың немесе қарсыластықтардың басым көпшілігінде акторлардың кем дегенде біреуі мемлекет болып табылады және мемлекет әлі қауіпсіздік мәселесінде бірінші орында [1; 15].

Кейбір мемлекеттер үшін олардың дамуының белгілі бір кезеңдерінде ішкі қауіп-қатерлер басымдыққа ие болуы мүмкін. Ерекше жағдайларда, мысалы, экономикалық құлдырау, аштық, эпидемия мен пандемия, табиғи апаттар және т.б. сияқты қауіптер бірінші орынға шығуы ықтимал. Билікті күшпен басып алу немесе сепаратизм жаңа мемлекеттілікті қалыптастыру сатысында тұрған елдер үшін басты қауіп болуы мүмкін. Тарихи тұрғыдан алғанда кез келген мемлекет ішкі қауіпсіздік мәселелерінде егеменді болып келеді. Бірақ кейбір жағдайларда жекелеген мемлекеттердегі ішкі қарулы қақтығыстар басқа елдер мен олардың үкіметтерін алаңдататын мәселеге айналады. Мысалы, ішкі қарулы қақтығыстардан туындайтын ауқымды босқындар ағынын көрші мемлекеттер қауіп ретінде қарастыруы мүмкін. Мемлекет басқа елдегі ішкі қақтығысты өзінің қауіпсіздігіне қатер ретінде қарастырса, мұндай қауіп-қатерлер трансшекаралық деп аталады.

Халықаралық субъектілердің даму мүдделері объективті түрде мемлекеттердің қорғаныс және басқыншылық әрекеттерін үнемі қолдануды талап етеді, яғни олар күш қолданудың тұрақты мүмкіндігін анықтайды. Сондықтан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрдайым халықаралық аренадағы қарама — қайшылық пен ынтымақтастық мәселелерін, дәлірек айтқанда, халықаралық қатынастардың маңызды мәселелері болып табылатын — соғыс пен бейбітшілік категорияларын — тығыз байланыстырады.

Бейбітшілік — бұл соғыстың, халықтар мен мемлекеттер арасындағы қарулы күрестің болмауы, сондай-ақ барлық актор үшін қауіпсіздіктің кепілі. Бейбітшілік — мемлекеттер мен халықтардың халықаралық аренадағы қауіпсіздігінің қажетті шарты. Бірақ мемлекеттердің ұлттық мүдделерін қанағаттандыру экономикалық бәсекелестікті, мәдени кеңеюді және күрестің басқа түрлерін жоққа шығармайды. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, бұл формалар көбінесе күш қолдану немесе ішкі істерге араласу қауіпімен бірге жүреді [4; 202].

Сондықтан мемлекеттің әскери қауіпсіздік саласындағы ең маңызды міндеті — басқа мемлекеттерден немесе шетелдік мемлекеттік емес субъектілерден туындауы мүмкін сыртқы қауіптерге қарсы тұру, сондықтан мемлекеттің қауіпсіздігі — ұлттық қауіпсіздік — халықаралық қауіпсіздіктің негізгі элементі болып саналады.

Мемлекеттер бір-бірімен шектесетіндіктен бір мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқа мемлекеттердің өз қауіпсіздігіне қатысты мәселелерімен байланысты. Демек жекелеген ұлттық қауіпсіздіктің әртүрлі қатынастар жүйелеріндегі өзара әрекеттестігі — екіжақты, блоктық, аймақтық, жаһандық — пайда болады. Олар осындай жүйеге қатысушылардың әрқайсысының қауіпсіздігінің бірлігін қамтамасыз етуге арналған. Қауіпсіздіктің бұл түрін көбінесе халықаралық деп атайды. «Халықаралық қауіпсіздік» термині дәстүрлі түрде бірінші кезекте мемлекеттер арасындағы қауіпсіздік қатынастарын атап өтті [1;16].

Сонымен халықаралық қауіпсіздік дегеніміз — бұл әлемдік қоғамдастықтың қалыпты тыныс-тіршілігі, халықтардың, мемлекеттердің, халықаралық бірлестіктердің тұрақты дамуы мен ынтымақтастығы, олардың әрқайсысының өмірлік маңызды мүдделерінің туындайтын қауіп-қатерлерден сенімді қорғалуын қамтамасыз етілетін халықаралық қатынастардың жай-күйі.

Халықаралық қауіпсіздік негізделеді:

бейбіт қатар өмір сүру қағидаларына;

халықаралық құқық нормаларына;

халықаралық оң ықпал етудің барлық нысандарын жандандыруға;

Халықаралық қауіпсіздік мазмұны анықталады:

мемлекеттердің ұлттық мүдделерін іске асыру үшін оңтайлы халықаралық шарттарға көзқарастарымен;

қазіргі саяси проблемалардың мәнімен — екі және одан да көп тараптардың ұлттық мүдделерінің сәйкестігі жоқ халықаралық жағдайлар (яғни халықаралық аренадағы қайшылықтар жүйесінің жоқтығымен);

халықаралық мәселені шешуге бағытталған мемлекеттер қызметінің сипатымен;

Халықаралық мәселені шешу мүдделі тараптардың кем дегенде біреуінің мүдделеріне сәйкес келмеуі халықаралық қақтығыстарды тудырады. Халықаралық қақтығыстарды күшпен шешу әрекеттері халықаралық қауіпсіздікке қатер ретінде қарастырылады [90, 203 б.].

«Халықаралық қауіпсіздік» термині Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін белсенді айналымға ене бастады, бұл қазіргі заманғы соғыстардың орасан зор жойқындығын көрсетті. Сол соғыстың ресми жеңімпаздарға да әкелген ауыртпалықтары әсерінен алғаш рет соғыстардың алдын алу және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігі туралы кең халықаралық консенсус пайда болды. Бұл термин Ұлттар Лигасының құжаттарында, мысалы, Еуропадағы ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасының дамуына байланысты қолданыла бастады. Бір жағынан, ол дәстүрлі бейбітшілік немесе соғыстың болмауы ұғымдарының синонимі ретінде қолданылған. Екінші жағынан, ол келісімдерге қол жеткізу, халықаралық тәртіп нормаларын әзірлеу, халықаралық бейбітшілікті сақтау, қақтығыстарды болдырмау үшін жағдай жасауға ықпал ететін институттар мен ұйымдарды құру, соғысқа әкелуі мүмкін алғышарттардың қалыптасуына қарсы тұру сияқты кеңірек қызмет аясын қабылдады, яғни соғыс ықтималдығын алдын-алуға тырысты. 1928 жылғы Бриан-Келлог пактісі соғыстан бас тарту туралы келісім болды, оған сол кездегі әлемнің көптеген мемлекеттері қосылды. Осылайша «халықаралық қауіпсіздік» ұғымы соғыстардың алдын алу және олардың пайда болуының себептерімен айналысу институты ретінде қалыптасты [1; 416].

Әрине, сол кездегі халықаралық қауіпсіздік жүйесінің бастамасын жасауға деген талпыныстар Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себеп болған қарама-қайшылықтарды шеше алмады. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін құрылған Версаль-Вашингтон халықаралық қатынастар жүйесін зерттеу бірнеше маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, Австрия, Венгрия, Югославия, Чехословакия, Польша, Финляндия, Латвия, Литва, Эстония сияқты жеңілген және жаңадан құрылған елдердің мүдделерін елемей, негізінен Ұлыбритания, Франция, АҚШ және Жапония сияқты жеңімпаз елдердің саяси және әскери-стратегиялық көзқарастарының әсерінен қалыптасқан біржақты әлемдік тәртіп бұл құрылымды осал етті. Мұндай жүйе халықаралық қауіпсіздікті тиімді қамтамасыз ете алмады және жаһанды істерде ұзақ мерзімді тұрақтылыққа ықпал ете алмады. Екіншіден, жүйеге қатысудан оқшаулау немесе тіпті ұлы державалардың бірінің жүйе қызметіне қатысудан бас тартуы, жүйені мұндай державаға қарсы бағыттау — бұл жүйеге теңгерімсіздік сипатын беріп, әмбебап болуына бөгет болады, осылайша болашақ әлемдік

қақтығыстың әлеуетін арттырады. Үшіншіден, консенсустық шарттық-құқықтық база болмайынша халықаралық қатынастар жүйесінде қалыпты жағдайды сақтаудың қандай да бір институт немесе басқа құралын құру тиімді болып табылмайды [5; 236–237].

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі тарихтағы ең көлемі жағынан ауқымды және тигізген зардабы жағынан жойқын Екінші дүниежүзілік соғыстың көрсеткен тәжірибесінен кейін әсіресе өзекті болды. Халықаралық қауіпсіздік институтының пайда болуы әлемдік қоғамдастықтың бұдан мыңдаған жылдар бұрын болған соғыс институтына деген көзқарасының түбегейлі өзгеруінің ұзақ процесінің бастамасы болды. Оның үстіне, Екінші дүниежүзілік соғыс халықаралық қауіпсіздік институтын дамыту қажеттілігі туралы консенсусын жойып жібере алмады, керісінше Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуына алып келді. БҰҰ-ның негізгі міндеттері халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету және осы мақсатта бейбітшілікке төнген қатердің алдын алу және жою болып табылуы тиіс еді. Бұндай либералды көзқарастардың, жалпы қауіпсіздік саласындағы әмбебаптық түсінігінің көптеген мәселелерді шешуге құрал-тәсілдері жетпеді. Уақыт өте келе қырғи қабақ соғыс басталып, қару-жарақ жасау жарысы мен көптеген прокси соғыстар орын алды.

Қақтығыстардың ауқымының кеңеюі ХХ ғасырдың екінші жартысында «халықаралық қауіпсіздік» феноменінің соғыстарды ұжымдық тежеу институты ретінде біртіндеп, үлкен сәтсіздіктермен болса да, сол уақытқа дейін халықаралық қатынастардың негізгі құралы ретінде көрінген соғыс құбылысын жоюына алып келді. Әскери күш жаһандық өзара әрекеттесудің маңызды факторы болып қала бергенімен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ілгері жылжыды.

Халықаралық қауіпсіздік мәселесі — халықаралық қатынастардың теориясы мен практикасын зерттеудегі ең маңызды тақырыптарың бірі болып табылады. Көптеген зерттеушілер, мектептер мен тұжырымдамалар туындаған қауіптердің себептері мен сипатын, олардың ерекшеліктерін әр түрлі анықтайды, халықаралық тұрақтылықты сақтаудың әртүрлі тәсілдерін ұсынады.

Саяси реализмді жақтаушылар халықаралық саясатты билік үшін күрес деп санайды, өйткені мемлекеттер үнемі бір-бірінің артықшылықтарын пайдалануға талпынады, өзіне өзін ғана көмектес қағидасы бойынша әрекет етіп, өз қауіпсіздігіне қол жеткізуге тырысады. Эдвард Карр кез келген акторлар өз мүдделері үшін күресті моральді тұрғыдан ақтауға тырысады және артықшылықтарға ие субъектілерге тыныштандыру саясатын жүргізу тиімдірек деп тапты [6]. Ал Ганс Моргентау кез келген қақтығыстар адамның табиғатындағы билікке ұмтылумен байланысты және халықаралық саясаттың кез келген көрінісі үстемдік үшін күрес болып табылатынын атап өтті [7]. Саяси реализм тұрғысынан халықаралық қауіпсіздік әскери-саяси қауіп-қатерге ұшырайды, оны азайту үшін мемлекеттер тұрақты халықаралық анархия жағдайында жалпы ұжымдық іс-қимыл немесе әскери-саяси одақтар негізінде шарттық міндеттемелер жүйесін құруға мәжбүр болады. Осылайша, саяси реализмдегі қауіпсіздіктің негізгі қарастыратын анықтамалық объектісі — бұл мемлекет ұтымды саяси құрылым ретінде, оның мінез-құлқы ұлттық мүдделермен және әртүрлі көріністегі күш пен қуатқа деген ұмтылыспен анықталады, ал қауіпсіздік сыртқы жаулар мен қауіптердің шабуылынан қорғаныс ретінде қарастырылады.

Халықаралық қатынастар теориясында неореализмнің пайда болуы Кеннет Уолцтың еңбектерімен байланысты [8]. Оның пікірі бойынша халықаралық қатынастарды зерттеу барысындағы теориялық құрылымдарды жасау барысында әлемнің біртұтастығына, жаһанды жүйенің пайда болғандығына мән беру керек. Неореализмнің классикалық реализмнен айырмашылығы — оның халықаралық саясатты белгілі бір заңдылықтар бойынша қызмет ететін күрделі жүйе ретінде қарастыруы. Неореализмде халықаралық жүйенің құрылымы, оның заңдылықтары мемлекеттердің өз мүдделерін ғана көздеуі, ондағы биліктің авторитарлы не демократиялы болуы, ондағы экономиканың аралас не толық нарықтық болуы сияқты табиғи сипатынан басым. Уолцтың пайымдауынша әр уақыт кезеңдегі халықаралық қатынастардың сипаты оған қатысушы мемлекеттер-акторлардың қарым-қатынасынан гөрі жүйенің ерекшеліктеріне көбірек байланысты. Неореализмге сәйкес, халықаралық жүйенің құрылымдық қасиеттері ұлы державалардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі бола отырып, шағын және орта мемлекеттердің ешқандай күш-жігеріне тәуелді емес. Ұлы державалар мен басқа мемлекеттердің өзара әрекеттесуіне келетін болсақ, оларды бұдан былай біржақты анархиялық деп сипаттауға болмайды, өйткені олар басқарудың басқа формаларын қалыптастырады және ұлы державалардың бақылауы астындағы жаңа тәртіп пайда болады [9; 126–129].

К.Уолц халықаралық жүйенің бірполярлы, биполярлы және көпполярлы модельдерін олардың тұрақтылық дәрежесі, демек, қарулы қақтығыстардың ықтималдығы тұрғысынан теңестірді. Оның

пікірінше, биполярлық әлем ең тұрақты, өйткені ол екі державаның қарама-қайшылығылықтарынан қалыптасады. Ондай жүйеде екі супердержава өз ықпал аясындағы қақтығыстардың алдын алып отырады. Әлсіз мемлекеттер осы державалардың біріне бағынуға мәжбүр, сондықтан өздерінің күші мен ықпалын арттыра алмайды. Ал мультиполярлы жүйеде әлемге жауапты гегемондар бірнешеу болады. Бұндай тәртіпте супердержавалардың жоқтығы ұлыдержаваларға әскери-саяси және экономикалық қауіпсіздіктің кепілі болуға тура келеді. Алайда олардың тұрақтылықты қамтамасыз етуге қабілеттілігі белгісіз [10; 47].

Классикалық либерализм жаңадан тап ретінде құрылып келе жатқан, бостандық пен теңдік ұранымен қаруланған буржуазияның феодализмге қарсы күресі кезінде қалыптасты. Либерализм теориясы ХХ ғ. басында дамып, қырғи қабақ соғыстан кейін бірқатар өзгерістерге ұшырады. Қауіпсіздік тұжырымдамасы туралы либералды идеялар Дж.Локк, Ж.-Ж. Руссо, А.Смит секілді зерттеушілердің еңбектері арқылы алуан түрлі интеллектуалды дәстүрден шабыт алды.. Солардың ең негізгісі — герман философы И.Канттың бейбітшілік жайлы пайымдаулары және Г.Гроций идеялары қазіргі либералды тәртіптің бастауы ретінде қарастырылады [11].

Либерализм немесе саяси идеализм тұрғысынан мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері әмбебап құндылықтар, жеке құқықтар және жалпыадамзаттық мүдделер, сондай-ақ халықаралық институттардың ықпалын нығайту және құзыретін кеңейту болып табылады. Либералды бағыттың пікірі бойынша бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті мемлекеттер мен басқа акторлардың арасындағы ынтымақтастық арқылы ғана сақтауға және дамытуға болады дейді. Оның үстіне, әлемдегі бейбітшілікті тек әскери араласу арқылы ғана емес, сонымен бірге жеке құқықтарды қорғау және қолдау сияқты шаралар арқылы да сақтау керек. Либералды тұжырымдаманы бейбітшілікке қол жеткізу және сақтау мақсатында саяси шешімдерге сүйенетін оптимистік модель болып табылатын либералды қауіпсіздік моделінде қолдануға болады. Либералды бағыт төрт құралды қолдануға негізделген: халықаралық құқық, халықаралық ұйымдар, саяси интеграция және демократияландыру. Либералды және неолибералды парадигма аясында халықаралық қауіпсіздікті реализмнен басқа қағидаттарға бекіту мүмкіндігін талап ететін бірнеше түрлі бағыттар мен теориялар пайда болды. Үш негізгі үстемдік ететін либералды бағыттар бар, олардың әрқайсысы мемлекеттердің өз қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлерге қалайша жақсы қарсы тұра алатындығы туралы әртүрлі көзқарастары бар. Либералдық идеализм халықаралық бейбітшілік құралы ретінде заңды түрде анықталған ұжымдық қауіпсіздікті пайдалануға бағытталған; Либералды бейбітшілік теориясы мемлекетаралық қақтығыстардың алдын алудың ең тиімді тетігі ретінде демократиялық мемлекеттік жүйелердің көбеюіне баса назар аударады; және неолибералды институционализм мемлекетаралық ынтымақтастықты дамыту және құрылымдық анархияның қысымына қарсы тұру үшін халықаралық институттарды қолдануға баса назар аударады. Либералдардың ойынша институттар мемлекетаралық өзара тәуелділікті күшейтеді, оған қосы экономикалық және мәдени айырбасқа оңтайлы жағдай жасайды [12]. Либералдар үшін халықаралық қатынастарға қатысушылар тек мемлекеттер ғана емес. Әлемдік саясатта халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар, әр түрлі партиялар мен саяси қозғалыстар, трансұлттық корпорациялар, тіпті жеке тұлғалар да кіретін акторлардың айтарлықтай кең ауқымын білдіреді.

Әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардағы белгілі бір үдерістерді жеке мемлекеттер арасындағы қатынастарды ғана талдау тәсілінің жеткіліксіздігі байқалғаннан кейін саяси-экономикалық құбылыстарды өзара қарым-қатынастар жүйесінде талдау қажеттілігі пайда болды. Жаһандану үдерісі мен ғылыми-техникалық дамудың қарқындауы әлемді күрделендіре түсіп, мемлекеттің халықаралық аренада институт ретіндегі ықпалының төмендеуі байқала бастады. Бүгінгі күнде трансұлттық корпорациялардың саяси беделінің өсуі, олардың жаңа актор ретінде қалыптаса бастауы халықаралық қатынастарда транснационализм бағытының пайда болуына алып келді. Бұл теорияны жақтаушы жақтаушылар әлемдік саясаттың экономика, қаржы және басқа салалардағы әртүрлі субъектілері арасындағы байланыстарды кеңейтуге бірінші кезекте назар аударады, соның арқасында сауда мен ынтымақтастық қарама-қайшылыққа түсуден және соғысудан гөрі әлдеқайда тиімді болатын қатынастар қалыптасады деп мәлімдейді. Дж. Най мен Р.Кохейн [13] транснационалистік бағытты ұстанған алғашқы зерттеушілердің қатарында болды. Олардың пайымдауынша реализм қазіргі әлемдік саясаттың маңызды мәселелерін шеше алмайды және актордың арасында күрделі өзара тәуелділік бар. Өзара тәуелділіктің үш негізгі сипаты бар. Біріншіден, қоғамдар мемлекетаралық, үкіметаралық, трансұлттық сияқты көптеген коммуникация жолдарымен байланысқан. Реализмге қарағанда транснационализмде трансмемлекеттік және

трансұлттық субъектілерге де мән берілген. Екіншіден, әскери қауіпсіздік бірінші орынға қойылатын қауіпсіздік мәселелерінің иерархиясы жоққа шығарылады және қатарлардың бәрі де бірдей маңызды болып саналады. Үшіншіден, әскери күш-қуаттың қазіргі халықаралық қауіпсіздіктегі рөлі бұрынғы уақыттан төмен болып саналады. Трансұлттық және үкіметаралық қатынастардың күшеюі ұлттық және халықаралық саясат арасындағы айырмашылықты жояды және жаңа саяси процестерді тудырады [14].

Неолибералды бағыттардың бірі болып саналатын «демократиялық бейбітшілік» теориясына сәйкес либерал-демократиялық мемлекеттер бір-бірімен соғыспайды, сондықтан бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау үшін либерал-демократиялық режимі бар мемлекеттер шеңберін кеңейту қажет. Бұл теорияны жақтаушылар демократиялық мемлекеттер ұқсас саясаты мен саяси доктринасы бар елдерді дұшпандық ретінде қарастыруға бейім емес деп санайды. Сонымен қатар олардың тұжырымы бойынша либерал-демократия, әдетте, басқа мемлекеттерге қарағанда үлкен қоғамдық игілікке ие, сондықтан инфрақұрылым мен ресурстарды сақтау үшін соғыстан аулақ болады. Бұл теорияның түпкілікті мәні бір-біріне көршілес, жақын орналасқан әлеуметтік топтар мен құрылымдардың ортақ құндылықтары, ұқсас мәдениеті болған жағдайда олардың қарым-қатынастары тұрақты және қақтығыстардың болуы мүмкіндігінің төмен болуымен байланысты [15].

Либералды бағыттың кейбір өкілдерінің көзқарастары бойынша адамның жеке құқықтары мемлекеттің егемендігінен басым болуы тиіс. Осыған орай «humanitarian intervention» тұжырымдамасы қалыптасты. Ол мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының басқа мемлекет аумағында адам құқықтарын қорғау мақсатында күш қолдану қаупін төндіру немесе сол мемлекетке басып кіру. Бұл жағдайда күш қолданылған мемлекет тарапының егемендігі ескерілмей қалады, соған байланысты аталмыш тұжырым халықаралық қатынастарда өте даулы болып саналады. Жалпы мемлекет егемендігі Вестфальдан бері келе жатқан халықаралық қатынастардың негізгі қағидаларының бірі болып саналады. Жаһандану мен әлемнің либералдық немесе тіпті либертариандық өзгерістерінен кейін адам құқықтарын қорғау, жеке бас еркіндігінің мәселесі егемендік қағидасымен қарама-қайшылыққа келетін оқиғалар кездесе бастады [16].

Неолибералды көзқарасты сынаушылардың пікірінше, көмек көрсететін халықаралық институттар Батыс елдерінің ықпалында болады және олардың қызметі халықаралық акторлардың барлығына емес, тек күш иелеріне арналған және тең емес серіктестікке әкеледі. Жалпы капитализмдегі қарым-қатынастардың көбісі белгілі бір мүдделерді көздеу арқылы жүргендіктен, әскери-саяси күш-қуаты мол мемлекеттер әлсіз мемлекеттерге көмек көрсету барысында өз пайдасын көздеуі ықтимал. Кей кездерде күшті тараптан әлсіз тарапқа экономикалық не басқа түрдегі көмек көрсету барысында сол тарапқа мемлекеттік реформалар жасау сияқты талаптар қойылады. Жалпы либералдық не неолибералдық парадигмада халықаралық қоғамдастықтың барлық мүшелері бөлісетін негіздер мен қағидаттарда жұмыс істейтін ұжымдық қауіпсіздік жүйесі соғыс пен қақтығыстардан барынша құтылуға мүмкіндік береді.

Ұжымдық қауіпсіздік идеясының ұзақ тарихы бар, XX ғасырда ол өзінің практикалық бейнесін тапты. Ұжымдық қауіпсіздік дегеніміз жүйеге қатысушылардың кез келгеніне жасалған агрессия оның барлық басқа қатысушыларына қарсы агрессия ретінде қарастырылатын мемлекетаралық ынтымақтастықтың тәртібі деп түсініледі. Ұжымдық қауіпсіздік тек осы жүйеге қатыспайтын мемлекеттерге ғана емес, сонымен қатар өз міндеттемелерін бұза отырып, агрессивті актілерге жол беретін сол жүйенің қатысушыларына да бағытталған. Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің ерекшеліктері жүйенің әрбір мүшесінің қажетті іс-қимыл талаптарын қамтитын әмбебаптылықтың шекті ауқымында, қажет болған жағдайда санкцияларды тез арада қолдануда, агрессияны түсінуде келіспеушіліктердің болмауында және оған жауап беру қажеттілігінде жатыр. Ұжымдық қауіпсіздік режимдерінің артықшылығы — олардың кеңеюі, оларға жаңа мемлекеттердің қосылуы агрессияның пайда болуы ықтималдығын азайтады, сондықтан жалпы тұрақтылықты нығайтады.

Халықаралық қауіпсіздік тұжырымдамасын классикалық марксистік тұрғыдан түсіндіру халықаралық қатынастардың қозғаушы күші болып экономикалық мүдделерге тікелей қарама-қарсы келетін таптар мен әлеуметтік топтар екендігіне негізделген. Неомарксистердің пікірінше, әлемдік саясатты анықтайтын «периферия» (дамымаған Африка құрлығы және дамушы посткеңестік мемлекеттер, олардың табиғи ресурстары мен арзан жұмыс күші) мен оларды эксплуатациялайтын «орталық» елдері (Батыс державалары) арасындағы экономикалық фактор мен антагонизм. Иммануил Валлерстайн ұсынған К.Маркс пен Ф.Энгельс еңбектерінің ықпалы және әлеуметтану, тарих пен саяси экономияның қосындысынан тұратын әлем-жүйелік талдау қазіргі әлемді

мемлекеттерді орталық, перифериялық және жартылай перифериялық деп үшке бөліп, олардың даму бағытын реттейтін капиталистік әлем-экономика ретінде сипаттайды. Неомарксизмді қолдаушылардың пікірінше, әлем-жүйелік тәуелділік капитализмнің орталығында орналасқан бай мемлекеттерге перифериялық мемлекеттерді тонап, олардың экономикаларын тек шикізат өндіретін деңгейден асырмауға мәжбүрлейді. Осыдан шығатыны перифериядағы ел пролетариат-мемлекет ретінде қарастырылады. Жалпы кез келген мемлекет ішіндегі ұлттық буржуазия дамуы барысында саяси билік пен қаржылық капиталдың бірігуі жүреді. Кейін өндірістің концентрациясы жоғарылап, қаржылық капиталды сыртқа шығару қажеттілігі туындағанда елдің ішіндегі монополиялар үкіметтік билікпен бірігіп, капитализмнің перифериясында орналасқан, өздерінің ұлттық буржуазиясы қалыптаспаған елдердің нарықтарын жаулауға кіріседі. Осы пролетарий мемлекеттер мен оларды қанаушы мемлекеттер арасындағы неокOLONиалды қатынастар көптеген қарама-қайшылықтарға толы болып келіп, кейін ашық қақтығыстарға да апарып, халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қауіп төндіреді [18]. Көпшілік И.Валлерстайнның көзқарастарын неомарксизм деп атағанымен, әлем-жүйелік талдау сияқты механицистік көзқарастарды ортодоксалды марксизмнің жалғасы ретінде қарастыру мәселесі әлі де анық емес.

1980 жылдардан бастап халықаралық саясатты зерттеуде сыни, постпозитивисттік және постмодерндік теориялар қалыптаса бастады. Конструктивизм халықаралық қатынастарға әлеуметтану тәсілдерін қосты. Бұл мектеп өкілдері халықаралық қатынастар тек экономика мен биологиядан ғана тұрмайды, халықаралық жүйедегені акторлардың әлеуметтену үдерісіне де назар аудару керек деп санады. Конструктивизмнің халықаралық қауіпсіздік мәселелері жайлы өз көзқарастары бар. Конструктивизмде неореализмдегідей қауіпсіздік әлеуметтік құрылым болып табылады, бірақ ол құрылым өзгермелі болып саналады. Конструктивистер реализмдегі ұлттық мүдделерді тұрақсыз санап, оған қарағанда әлеуметтік, мәдени және тарихи факторлардың маңыздылығын атап өтеді. Бұл әлемдік саясаттың әртүрлі акторларына бірдей оқиғаларды басқаша түсіндіруге әкеледі.

Конструктивистер қауіпсіздікті негізінен өзара бірегейліктің айырмашылықтары анықтайды деп тұжырымдайды. Ол — мәдениеттер мен адамдар, адамдар мен мемлекеттердің әлеуметтік тәжірибелерінің жақындық дәрежесі. Мемлекеттің бірегейлігі оның өз-өзіне деген көзқарасына және басқа мемлекеттердің оған деген көзқарасынан тұрады. Бұл логикада қауіпсіздік саясатының күн тәртібі неореалистер объективті жағдайлар деп атайтын күштер тепе-теңдігінің құбылуынан емес, өзара бірегейліктің өзгеруіне байланысты алмасады. Жалпы, конструктивистер қауіпсіздік тұжырымдамасының мазмұнын нақты бекітудің орнына, оның түсінігі қоғамда қалай өзгеріп отыратыны туралы айтуды жөн көреді. Өзара әрекеттесудің өзгертін динамикасында қауіпсіздіктің мазмұны, бірегейлікке сүйене отырып, түпкілікті бола алмайды. Негізінен бәрі мәселені түсіндіру тәсіліне байланысты. Қауіпсіздіктің интерпретациясы әр түрлі болуы мүмкін [19].

Сыни теориялар мен постмодернизм аясында зерттеудің жаңа бағыттарының пайда болуымен халықаралық қатынастарды зерттеуде феминистік мектеп дами бастады, бұл мектептің көзқарасы бойынша қауіпсіздік мәселесін зорлық — зомбылықтың кез-келген түрін көрсету тұрғысынан әлдеқайда кең түсіну керек деген тұжырымға келеді.

Осы мектеп өкілдері үшін пікірталастардың негізгі сәттері феминистік идеяларды әлемдік саясат субъектілері қалай қабылдайтынына бағытталған. Талқылаулардың көп бөлігі халықаралық қатынастарды зерттеудегі жыныстардың әсері неге еленбейтінін және феминизмнің халықаралық қатынастар практикасына, әсіресе зорлық-зомбылық пен қақтығыстарды шешуге қандай үлес қосатынын анықтауға бағытталған.

Феминистік бағыттың өкілдері халықаралық қауіпсіздік тақырыбындағы зерттеулерде мемлекеттің негізгі рөлі туралы дәстүрлі көзқарасқа қарсы. Сонымен, әйгілі жазушы Синтия Энло барлық деңгейдегі артықшылықтар мен бақылаудың патриархалды құрылымын көрсетеді, феминизм мектебінің көзқарасы бойынша мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне әйелдердің өте аз үлесі қатысады. Әйелдер негізінен құрылымдық және физикалық зорлық-зомбылыққа көбінесе ұшырайтын топ. Экономикалық қауіпсіздік жағынан өлшегенде әйелдер үшін көптеген қызмет салаларына жұмысқа орналасу қиындығы және ерлер мен әйелдер арасындағы жалақы айырмашылығы дүниежүзінде орын алып отыр. Әйелдер жұмыс орындарында ерлерге қарағанда кадрлардың қысқартуына жиірек ұшырайды және жалпы алғанда әйелдер беделі төмен, еңбекақысы аз қызметпен айналысуға мәжбүр.



Феминистік көзқарастар қауіпсіздікті дәстүрлі статикалық түрде сараптамалауды қайта қарастыруға алып келді. Қоғамның барлық сатысын қамтыған физикалық зорлық-зомбылықтың қатынастарын қарастыруда феминистік мектеп қауіпсіздіктің тек мемлекет аясында қарастыруға күмәнданады. Қауіпсіздік мәселесін әйелдердің қорғансыздығы ұстанымынан қарастыру қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әлеуметтік қатынастардың маңыздылығын көрсетеді. Феминистердің пікірінше, халықаралық қауіпсіздік мәселесін шешуде патриархалдық жүйені жойып, әйелдер құқықтарын теңестіру мен олардың халықаралық саясатқа қатысуын арттыру маңызды.

Теориялық модельдер халықаралық қауіпсіздік мәселелерін және оны сақтау тетіктерін түсінуге айтарлықтай үлес қосады. Оған қоса халықаралық қатынастардың қазіргі өте күрделі жағдайын қамти алатын бірде-бір жеке теория, тұжырымдама немесе гипотеза жоқ. Олардың ешқайсысы мемлекеттердің не басқа актордың өзіндік ерекшеліктерін, қазіргі тарихи дамудың кезеңіндегі өзгерістерді талдай алмайды, сондықтан бүкіл әлем үшін әмбебап бола алмайды. Сонымен қатар «демократиялық бейбітшілік» және «гуманитарлық араласу» сияқты теориялар англо-саксондық саяси ой аясында тұжырымдалып, әлемнің басқа бөлігіндегі саяси режимдерге сай келмеуі мүмкін.

XXI ғасырдың басында халықаралық қауіпсіздікке төнетін басым қатерлердің сапалы жаңа жиынтығы қалыптасты. Бұрынғы социалистік блок пен капиталистік блок арасындағы идеологиялық қақтығыс артта қалды. Қазіргі уақытта жаңа қауіп-қатерлерге бірінші кезекте жаһандану үрдісіне байланысты көптеген қылмыстық топтардың халықаралық деңгейге көшуі, жаппай қырып-жою қаруы мен оны жеткізу құралдарын тарату, эпидемиологиялық жағдай, сондай-ақ ішкі қарулы қақтығыстар кіреді. Оларға «халықаралық қарулы араласулар» құбылысы жақын, ол белгілі бір жағдайларда пайда болатын қауіптерді бейтараптандырушы рөлін атқара алады, бірақ басқа жағдайларда ол бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікке қауіп төндіруі мүмкін. Бұл қауіптер бұрын да болған. Бірақ сол кезде олар дәстүрлі мемлекетаралық қауіптердің көлеңкесінде болды. Соңғы жылдары олардың басымдылығы мен оларға назар аударуының едәуір артуы ішкі әлеуметтің дамуымен және осы қауіптердің әрқайсысының қауіптілігімен және олардың жиынтығымен түсіндіріледі.

Әлемдегі қауіпсіздіктің қазіргі жағдайы көбінесе «қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейінгі халықаралық қауіпсіздік» формуласымен белгіленеді. Мұндай тұжырым қазіргі уақытта қауіпсіздік процестерінің даму параметрлері мен логикасы қырғи қабақ соғыстың биполярлық дәуірінде жұмыс істегендерден өзгеше екендігінің айқын фактісін көрсетеді.

Белгілі бір дербестігі бар халықаралық қауіпсіздік жүйесі халықаралық қатынастар мен әлемдік саясаттың анағұрлым кең жүйесінің органикалық бөлігі болып табылады. Соңғысының қалыптасуына қырғи қабақ соғыстың аяқталуынан басқа, жаһандану, әлемдік демократияландыру, ғылыми-техникалық революцияның дамуы, мемлекеттік емес актерлердің рөлінің күшеюі, мемлекеттер функцияларының өзгеру тенденциясы және күштерінің арақатынасы әсер етті. Халықаралық қатынастар мен әлемдік саясаттың қазіргі заманғы жүйесі «жаһандану дәуіріндегі әлемдік өзара іс-қимыл жүйесі» деп аталады. Бірқатар ғалымдар халықаралық қатынастар мен әлемдік саясаттың жаңа жүйесі негізінен қалыптасты деп санайды. Мұны растау үшін олар соңғы экономикалық дағдарыстар жаңа жүйенің жұмысына белгілі бір түзетулер енгізуге мәжбүр болды, бірақ оның тірек құрылымдарын шайқамады деп санайды. Егер солай болса, XXI ғасырдың бірінші онжылдығының аяғында қазіргі заманғы халықаралық қауіпсіздік жүйесі өтпелі кезеңді аяқтады және негізінен қырғи қабақ соғыс жүйесі мен бұрынғы жүйелерден айтарлықтай ерекшеленетін өзінің жаңа сапасын қалыптастырды деп айтуға болады [20].

Халықаралық терроризм жаңа қауіп-қатерлер триадасының басында тұрды. Терроризмнің негізі экономикалық немесе саяси мақсаттарға жету үшін азаматтардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне қылмыстық қол сұғу болып табылады. Террористердің құрбандары саяси қайраткерлер, кәсіпкерлер және қарапайым азаматтар. Өртүрлі жылдары Швеция премьер-министрі Улоф Пальме, Пәкістанның экс-премьер-министрі Беназир Бхутто және т. б. сияқты саяси қайраткерлер террористердің қолынан қаза тапты.

Кейін терроризмнің жаңа сапасының қалыптасуы байқалды. Бұрын жекелеген елдерде белгілі болған жергілікті құбылыстан ол қатысушылар құрамы бойынша да, операциялар жүргізу географиясы бойынша да мемлекеттік шекараны танымайтын жаһандық трансұлттық қозғалысқа айналды. Көптеген сарапшылардың пікірінше, террористік әдістердің өмір сүруінің негізгі себептері саяси мақсаттарға жетудің құралы ретінде олардың тиімділігіне негізделген. Террорлық шабуылдардан экономикалық шығындар да үлкен — мұнда террористік қауіп жоғары аймақтардағы

инвестициялық белсенділіктің төмендеуі және мемлекеттердің терроризмге қарсы күрестегі қаржылық шығындары, оларды қазір қырғи қабақ соғыс кезіндегі жетекші державалардың әскери шығындарымен салыстыруға болады. Идеологиялық негіз ретінде ол діндердегі фундаменталды радикализмнің экстремалды бағытын қолданады. Халықаралық терроризмнің жаңа сапасы жаһандық қозғалыстың түбір жүйелерінің және оның ұлттық көріністерінің бірігуімен толықтырылады. Бұл қозғалыстың ұйымдық құрылымы көбінесе қайталау қабілеті бар автономды және бастамашыл блімшелердің өзара әрекеттесуінің желілік принципіне негізделген. Бен Ладен бастаған «Аль-Каидадан» алғашқы ынталандыруды алып, халықаралық терроризм қозғалысы өзін-өзі дамыту динамикасына және жер шарының әртүрлі бұрыштарындағы жергілікті жағдайларға бейімделуге ие болды [21].

Әлемдік қауымдастықтың қауіпсіздігіне мемлекеттік емес тағы бір қатер — бұл жаппай қырып-жою қару-жарағы пен оны жеткізетін көлік құралдарының таралу қаупі, бұл олардың мемлекеттердің бақылауы орнатылмаған «қоғамдық» ұйымдардың қолына түсуімен байланысты. Бұрын мұндай қауіп-қатердің көздері мемлекеттер болса, енді олар да мемлекеттік емес субъектілерден шығады. Бұған дейін мемлекеттер арасында жұмыс жасаған жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау саласындағы сыйақылар мен жазалар жиынтығы мемлекеттік емес субъектілерге ықпал ете алмайды. Мұндай қарудан бас тартуға террористермен келісу мүмкін емес, оларға қандай-да бір артықшылықтар беру нәтижесіз. Олар мұндай қаруды тек тежеу мақсаттары үшін иемденіп қана қоймай, оларды саяси мақсаттарға жету үшін пайдалануға мүдделі. Қысқаша айтқанда, бұған дейін мемлекетаралық форматта жұмыс істеген жаппай қырып жою қаруларын таралуын шектеудің ұтымды логикасы бұл салада енді жұмыс істемейді. Жеке фанатиктердің ядролық жарылғыш құрылғыларға қол жетімділік ықтималдығы сақталады.

Сонымен қатар, дәстүрлі ядролық қаруды таратпау жүйесінің шеңберлері үзіліп, жаңа мемлекеттер ядролық қаруға ие болды. Бұл аймақтық ядролық қару жарыстарына серпін береді, бұрын мұндай жоспарлары болмаған мемлекеттердің ядролық қару өндірісі туралы мәселені көтереді. Сонымен қатар, ядролық қарудың бірқатар жаңа иелерінің тағдыры ерекше алаңдаушылық туғызады. Ядролық қаруды жасап шығарғаннан гөрі оны бақылауында қатаң түрде ұстап тұру қиынырақ. Саяси тұрақсыздығы жоғары елдегі билік халықаралық террористерге жақын радикалды экстремистік оппозицияға ауысса, ядролық қару кімнің қолында болатындығы туралы заңды сұрақтар туғызады. Кейбір мемлекеттер өздерінің иррационалды мінез-құлқымен, соның ішінде қару таратпау мәселесінде, халықаралық терроризмге деген жанашырлығымен немесе тіпті онымен ынтымақтастығымен танымал.

Ақырында, әлемдік қауымдастықта ішкі қарулы қақтығыстар тек олар болып жатқан елдерге ғана емес, сонымен қатар көршілеріне, аймақ пен жалпы әлемдік қауымдастыққа үлкен қауіп төндіреді деген ортақ пікір қалыптасты. Этносаралық геноцидтің бастамашылары мен негізгі кейіпкерлері (мысалы, тутси және хуту тайпаларының мүшелерін, Батыс Судандағы Дарфурдағы бейбіт тұрғындарды өзара жою, азаматтық соғыстар, Ауғанстандағы үкіметтік күштер мен халықаралық коалиция күштеріне қарсы талибтердің партизандық күресі, сунниттер, шииттер және күрдтердің Ирактағы қарулы қақтығыстары), Африканың бірқатар елдеріндегі, Кавказдағы сепаратистік қозғалыстар, негізінен мемлекеттік емес күштер мен құрамалар болып табылады.

Мемлекеттік емес субъектілердің ерекше түрі — бұл толық қалыптаса алмаған мемлекеттердің аумақтарындағы әртүрлі қарулы құрылымдар. Мұның жарқын мысалы — Сомали аумағы, оның кішкене бөлігі ғана халықаралық деңгейде танылған үкіметтің бақылауында. Елдің қалған бөлігі әртүрлі қарулы топтар арасындағы қақтығыстардың анархиясына ұшырады, олардың кейбіреулері қарақшылықпен, заңсыз қару-жарақ саудасымен айналысады, ал басқалары жалған ұрандарды пайдаланып, ашық тонау жасайды.

Бүгінгі күні кем дегенде бір жағы мемлекеттік емес субъектілер болып табылатын қарулы қақтығыстар әлемдегі ашық қарулы қарсыласудың басты өрісіне айналды. Мемлекеттік армия арасындағы дәстүрлі «симметриялы» соғыстар «асимметриялық» қақтығыстармен ауыстырылуда. Осындай қақтығыстар кезінде мемлекеттік емес субъектілер өздерінің қару-жарақтарындағы артта қалушылықты партизандық, диверсиялық және террористік күрестің дәстүрлі емес әдістерімен, гуманитарлық соғыс нормаларын өрескел бұзумен өтеуге тырысады.

Сонымен қатар, халықаралық қауіпсіздікке төнетін қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қауіптердің басым бөлігі оны шешу үшін жаңа, ең алдымен әскери емес тәсілдерді талап етеді. Бұл тек экономикалық проблемалар мен қоршаған ортаның деграляциясы проблемасын шешуге ғана

емес, сонымен бірге өзін-өзі басқаруға және топтық өзін-өзі сәйкестендіруге деген ұмтылыс пен мемлекеттердің тұтастығын сақтау арасындағы, сепаратизмнің өсуі мен шекаралардың мызғымастығы арасындағы, ұлттық топтар мен аймақтардың ұлттық мемлекеттің егемендігіне деген ұмтылысы арасындағы қайшылықты құқықтық шешуді бірлесіп іздеуге де қатысты. Қазіргі жаһандық өзара байланысты әлемде ауқымды мемлекетаралық қарулы қақтығыстар аймақтық немесе жаһандық экономиканы тұрақты экономикалық шығындармен, соның ішінде агрессорге де залал келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, соңғы онжылдықтардағы соғыстар тәжірибесі көрсеткендей, жеңіс жаулап алынған территорияға бақылауды ұзақ уақыт сақтап қалуды, жаңа мемлекеттік режим құруды және оны орасан зор экономикалық қолдауды қажет етеді. Оған қоса оккупациялық күштерге қарсы партизандық соғыстың басталуын жоққа шығаруға болмайды. Соғыстан шығу жаудың әдеттегі қарулы күштерін тез әрі тиімді түрде жеңген жағдайдың өзінде де, оған кіруден гөрі ауыр және қымбатқа түседі. Бұған, атап айтқанда, Америка Құрама Штаттарының бірнеше аптаның ішінде Ирактың қарулы күштерін талқандауы, бірақ жеті жылдан астам уақыт сол территориясында көтерілісшілер мен антитеррористік күрес жүргізуі, сондай-ақ жаңа мемлекет құру және нығайту үшін орасан зор қаржы ресурстарын жіберуіге мәжбүр болғандығы дәлел.

### Қорытынды

Ақыры биполярлы жүйенің өзгеруі қауіпсіздік өрісіндегі өзгерістер әскери емес қауіптердің өсуімен және қауіпсіздік құрылымының өзгеруімен сипатталады. Салмақтың салыстырмалы түрде төмендеуі және әскери және қорғаныс компоненттерінің мәні төмендеген кезде жүйенің тіршілігін қамтамасыз ету қатерлерінің мемлекеттер деңгейінде де, жаһандық масштабта да өсуі байқалады. Дәстүрлі түсіндірудегі қауіпсіздік көбінесе үкіметтер үшін бұрын болған іргелі маңыздылығын жоғалтты. Мұндай жағдайда халықаралық-саяси ғылымда бар теориялық қордың жетіспеушілігі айқындала бастады. Өзгеріп жатқан шындықты ұтымды түсініп қана қоймай, халықаралық акторлар тап болған тәуекелдер мен белгісіздіктерді азайту мақсатында оларға әсер етудің операциялық құралдарының ролін орындай алатын жаңа тұжырымдамалық құрылыстарға қажеттілік туындады. Бұл қажеттілікке жауап беру әрекеті бұрынғы қайта қарау және жаңа қауіпсіздік тұжырымдамаларын әзірлеу болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кулагин В.М. Современная международная безопасность / В.М. Кулагин. — М.: КНОРУС, 2012. — 432 с.
- 2 Современные международные отношения: учеб.; под ред. А.В. Торкунова, А.В. Мальгина. — М.: Аспект-Пресс, 2012. — 688 с.
- 3 Основы теории национальной безопасности: учеб.; под ред. Е.А. Матвиенко, Н.И. Грачева. — 2-е изд., испр. и доп. — Волгоград: ВА МВД России, 2017. — 452 с.
- 4 Логунов А.Б. Региональная и национальная безопасность / А.Б. Логунов. — М.: Вузовский учебник, 2009. — 432 с.
- 5 Радиков И.В. Архитектура безопасности в системе международных отношений: эволюция и перспективы обновления / ПОЛИТЭКС. — 2010. — № 4. — С. 229–248.
- 6 Carr E.H. The Twenty Years Crisis 1919–1939: An Introduction to the study of International Relations / E.H. Carr. — London: Macmillan&Co.LTD, 1946. — 247 p.
- 7 Morgenthau H.J. Politics Among Nations: the struggle for power and peace / H.J. Morgenthau. — New York: Alfred A. Knopf, 1948. — 516 p.
- 8 Waltz K. Theory of International Politics. / K. Waltz. — Boston: Addison–Wesley Publishing, 1979. — 256 p.
- 9 Цыганков П.А. Теория международных отношений / П.А. Цыганков. — М.: Гардарики, 2003. — 590 с.
- 10 Хлопов О.А. Система международной безопасности XXI в.: поиск приемлемой теоретической модели / О.А. Хлопов // Вестн. РГГУ. Сер. Политология. История. Международные отношения. — 2019. — № 1. — С. 45–57.
- 11 Черных И.А. Теории международных отношений: учеб. пос. для спец. «Международные отношения»; «Регионоведение» и «Политология» / И.А. Черных. — Алматы: Қазақ университеті, 2009. — 182 с.
- 12 Hough P. International security studies: Theory and practice / P. Hough, S. Malik, A. Moran, B. Pilbeam. — London: Routledge, 2015. — 496 p.
- 13 Nye J. Keohane R. Transnational Relations and World Politics: An Introduction / J. Nye, R. Keohane // International Organization. — 1971. — 25 — P. 329–349.
- 14 Williams M. International relations in the twentieth century / M. Williams. — London: Palgrave Macmillan. — 1989. — 327 p.
- 15 Farnham B. The Theory of Democratic Peace and Threat Perception / B. Farnham // International Studies Quarterly. — 2003. — No. 3. — P. 395–415

- 16 Alton Fr. Humanitarian Intervention: Crafting a Workable Doctrine. / Fr. Alton. — New York: Distributed by Brookings Institution Press, 2000. — 94 p.
- 17 Азизов У.Б. Конструктивизм в международных отношениях: интерпретация Николаса Онуфа, Фридриха Кратохвила и Александра Вендта / У.Б. Азизов. — СПб.: Алетейя, 2015. — 160 с.
- 18 Wallerstein I. World-systems analysis. An Introduction / I. Wallerstein. — London: Duke University Press., 2004. — 109 p.
- 19 Коньшев В.Н. Социальный конструктивизм о проблемах безопасности / В.Н. Коньшев, А.А. Сергунин, С.В. Субботин // Теории и проблемы политических исследований. — 2016. — № 3. — С. 94–112.
- 20 Nelson D.N. Great powers and world peace / D.N. Nelson // World security: Challenges for a new century. — N.Y., 1994. — 56 p.
- 21 Хмылёв В.Л. Современные международные отношения: учеб. пос. / В.Л. Хмылёв. — Томск: Изд-во Том. политехн. ун-та, 2010 — 210 с.

С.Б. Стамбулов, Т.Қ. Сақабай, А. Сердхан, Ж.М. Кенжеғали

### **Формирование понятия «международная безопасность» и его сущности: теоретический аспект**

В настоящее время в научных и академических кругах осуществлены попытки систематизировать концепцию международной безопасности и найти новые подходы к данной концепции. Цель данной статьи — систематизация основных подходов концепции международной безопасности, анализ теоретических подходов к определению международной безопасности, а также комплексный анализ институциональных теорий. Авторами рассмотрены различные теоретические подходы к изучению международной безопасности.

*Ключевые слова:* безопасность, международная безопасность, теория, мировая политика, международные отношения.

S.B. Stambulov, T.K. Sakabay, A. Serdkhan, Zh.M. Kenzhegali

### **Formation of the concept of international security and its essence: theoretical aspect**

Currently, attempts are being made in scientific and academic circles to systematize the concept of international security, as well as to find new approaches to this concept. The purpose of the article is to systematize the main approaches to the concept of international security. Therefore, this article is devoted to the analysis of theoretical approaches to the definition of international security, as well as a comprehensive analysis of institutional theories. The authors consider various theoretical approaches to the study of international security.

*Keywords:* security, international security, theory, world politics, international relations.

#### References

- 1 Kulagin, V.M. (2012). *Sovremennaiia mezhdunarodnaia bezopasnost* [Modern international security]. Moscow: KNORUS [in Russian].
- 2 Torkunova, A.V., & Malgina, A.V. (2012). *Sovremennnye mezhdunarodnye otnosheniia* [Modern international relations]. Moscow: Aspekt-Press [in Russian].
- 3 Matvienko, E.A., & Gracheva, N.I. (2017). *Osnovy teorii natsionalnoi bezopasnosti* [Fundamentals of National Security Theory]. Volgograd: VA MVD Rossii [in Russian].
- 4 Logunov, A.B. (2009). *Regionalnaia i natsionalnaia bezopasnost* [Regional and national security]. Moscow: Vuzovskii uchebnik [in Russian].
- 5 Radikov, I.V. (2010). *Arkhitektura bezopasnosti v sisteme mezhdunarodnykh otnoshenii: evoliutsiia i perspektivy obnovleniia* [Security architecture in the system of international relations: evolution and renewal prospects]. *POLITEKS*, 4 [in Russian].
- 6 Carr, E.H. *The Twenty Years Crisis 1919–1939: An Introduction to the study of International Relations*. London: Macmillan&Co.LTD.
- 7 Morgenthau, H.J. *Politics Among Nations: the struggle for power and peace*. New York: Alfred A. Knopf.
- 8 Tsygankov, P.A. (2003). *Teoriia mezhdunarodnykh otnoshenii* [International Relations Theory]. Moscow: Gardariki [in Russian].
- 9 Waltz, K. (1979). *Theory of International Politics*. — Boston: Addison–Wesley Publishing.

10 Khlopov, O.A. (2019). Sistema mezhdunarodnoi bezopasnosti XXI v.: poisk priemlemoi teoreticheskoi modeli [The international security system of the 21st century: the search for an acceptable theoretical model]. *Vestnik RGGU. Seriya Politologiya. Istorii. Mezhdunarodnye otnosheniia* — *Bulletin of the Russian State University for the Humanities. Political science series. Story. International relationships*, 1 [in Russian].

11 Chernykh, I.A.(2009). Teorii mezhdunarodnykh otnoshenii: uchebnoe posobie dlia spetsialnostei «Mezhdunarodnye otnosheniia», «Regionovedenie» i «Politologiya» [Theories of International Relations: Textbook for the specialties “International Relations”, “Regional Studies” and “Political Science”]. Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].

12 Hough, P., Malik, S., Moran, A., & Pilbeam, B. (2015). International security studies: Theory and practice — London: Routledge.

13 Nye, J., & Keohane, R. (1971). Transnational Relations and World Politics: An Introduction. *International Organization*, 25

14 Williams, M. (1989). International relations in the twentieth century. London: Palgrave Macmillan

15 Farnham, B. (2003). The Theory of Democratic Peace and Threat Perception. *International Studies Quarterly*, 3

16 Alton, Fr. (2000). Humanitarian Intervention: Crafting a Workable Doctrine. New York: Distributed by Brookings Institution Press

17 Azizov, U.B. (2015). Konstruktivizm v mezhdunarodnykh otnosheniakh: interpretatsiia Nikolasa Onufa, Fridrikha Kratochkvila i Aleksandra Vendta [Constructivism in International Relations: An Interpretation by Nicholas Onuf, Friedrich Kratochwil and Alexander Wendt]. Saint Petersburg: Aleteiia [in Russian].

18 Wallerstein, I. (2004). World–systems analysis. An Introduction. London: Duke University Press

19 Konyshchev, V.N., Sergunin, A.A., & Subbotin, S.V. (2016). Sotsialnyi konstruktivizm o problemakh bezopasnosti [Social constructivism about security issues]. *Teorii i problemy politicheskikh issledovaniï* — *Theories and problems of political research*, 3 [in Russian].

20 Nelson, D.N. (1994). Great powers and world peace. World security: Chal–lenges for a new century. N.Y.

21 Khmylev, V.L. (2010). Sovremennye mezhdunarodnye otnosheniia: uchebnoe posobie [Modern international relations]. Tomsk: Izdatelstvo Tomskogo politekhnicheskogo universiteta [in Russian].